



Статистиканың
даму кезеңдері

Жоспары :

- 1. Статистика пәні туралы түсінік.
- 2. Статистиканың даму тарихы.
- 3. Статистика әдістемесі.
- 4. Қорытынды.



Статистиканың дамуы және статистика пәні туралы түсінік.

- Статистика — ғылымның бір тармағы, практикалық қызмет саласы, білім бағыты, таным құралы.

Статистика дегенде мәліметтерді жинақтау процесінде, оларды қайта өңдеп, бейтарап әрі анық талдау ережелерін де түсінеміз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, статистика — әрі ғылым, әрі қызмет саласы, әрі мамандық түрі. Ол арнайы ұйымдастырылған білім тармағы да, белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға қажетті пәрменді құрал да, кәсіпкерлік қызмет саласы да болып табылады.

- Статистика сөзі ғылыми әдебиетте 18 ғасырда қолданысқа енді және алғашқыда “мемлекеттану” деген мағынада ұғынылды. Бірақ статистика ғылымы 17 ғасырдың ортасында “саяси арифметика” нысанында дами бастады. Ғылымдағы бұл бағыттың бастауында ағылшын ғалымы – Уильям Петти тұрды. Статистика терминін ғылымға 1746 жылы неміс ғалымы Готфрид Ахенваль өзі сабақ беретін Германия университетінде “Мемлекет ісін жүргізу” курсының орнына “Статистиканы” қолдануды ұсынды. Осыған қарамастан статистиалық санаулар бұданда ерте жүргізілген болатын: Көне Қытайда халық санағы, Көне Римде елдердің әскери күшін салыстыру, азаматтардың мүліктерін бағалау. Статистика 19 ғасырдың басында А.Кетленің және оның мектебі өкілдерінің еңбектерінде қоғамдық құбылыстардың заңдылықтарын зерделейтін ғылым мен құралға айналды.

білім саласы,
бұқаралық
әлеуметтік-
экономикалық
құбылыстар
мен
үдерістердің
сандық және
сапалық
көрсеткіштерін
зерделейтін
ғылым;

қоғам өмірінің
сандық
заңдылықтарын
олардың сапалық
сипаттайтын
статистикалық
ақпаратты жинап,
өңдеуді, талдау
мен жариялауды
қамтитын
практика саласы;

жарияланатын
сандық
деректердің,
бақыланбалы
нысанның сан
немесе сапа
тұлғасындағы
күйін
тиянақтайтын
бақылау
нәтижелерінің
жиынтығы.

қоғам өмірінің
сандық
жақтарында
болатын
құбылыстарды
меңгеретін және
көп жылдық
тарихы бар
ерекше ғылым
немесе білім
саласы.

әр-алуан
белгілі бір
статистикал
ық деректер
жиыны
ретінде де
түсінуге
болады

Статистика пайда болған кезінен бастап-ақ мемлекетті басқарудың маңызды құралы ретінде қалыптасып онымен бір мезгілде көптеген оқиғалар мен фактілерді мөлшерлік тұрғыдан тіркеу және белгілі бір деңгейде ретке келтіру нәтижесінде ғылыми тұрғыдан өте қызықты материалдар да жинақталды. Осылайша қоғамның өмірі мен тұрмысы жөніндегі мәліміттерге практикалық мұқтаждық статистиканы туғызды.

- Статистика сөзі күнделікті өмір мен ғылымға XVII-XVIII ғасырларда кіріп келді. Ағылшын ғалымдары Д.Граунт (1620-1674) пен В.Петтидің (1623-1687) «Саяси арифметика» атты еңбегі статистика ғылымының дамуына себеп болды. Бастапқы кезде сауда мен қаржы капиталының және ақша қатынастарының дамуы нәтижесінде пайда болған қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында жинақталған мемлекет халқы, экономикалық және саяси жағдай жөніндегі мәліметтер статистикалық ақпараттар деген атпен жүргізілді.



Статистиканың даму тарихы



- Алғашында практикалық қызметте жинақталған тәжірибелерді қорыту жолымен мемлекетті басқаруға қажетті мәліметтерді топтастырудың, қайта іздеудің, талдау мен қолданудың ереже-тәртіптері, жолдары мен әдістері жасалды. Статистика осындай ғылым ретінде танылып, жаңа ізденістер нәтижесінде байи түсті. Оның әдіс-амалдарын жетілдіруге математиканың құралдары мен теориялары қолданылды. Өйткені статистика да математика сияқты сандармен, шамалармен шұғылданады, бірақ оның сапалық қасиеті жалпы бұқаралық құбылыстарды өлшеу нәтижесінде айқындалады.

□ Статистика әдістемесі

- Статистика әдістемесі дегенде бұқаралық құбылыс пен процесті ғылыми тұрғыдан зерттеу мен басқаруда, оның бойынан байқалатын заңдылықтарды үйренуде және оларды іс жүзінде пайдалану барысында қолданылатын өзіндік әдісті, яғни әдіс-амалдар, жолдар, құралдар кешенін түсінеміз. Статистикалық бақылау процесінде өндірістік немесе зертханалық жағдайда тәжірибе-сынақтар өткізу, есептік немесе арнайы зерттеулер мен тіркеулерді жүзеге асыру, анкеталық немесе іріктеу әдістері бойынша бақылау және басқалар пайдаланылады.

Қорытынды :

- Эконометрия ілімінің негізін салушылардың пікірлерін қорытатын болсақ, бұл сала мен экономикалық статистика арасында үлкен айырма жоқ. Экономикалық статистика да өз көрсеткіштерін экономикалық теорияға сүйене отырып спецификация жолымен жасайды және тиісті мәліміттер жинап, оларды есептейді, экономикалық процестерді талдау үшін түрлі әдістердің көмегімен олардың модельдерін жасайды және шынайы ақпараттар негізінде бағалап, алынған нәтижелердің маңыздылығын тексереді. Сондықтан да эконометрияны экономикалық статистиканың құрамдас бөлігі, маңызды бағыты деп қарауға әрі теориялық, әрі логикалық негіз жеткілікті. Расында да эконометрияда қолданылатын математикалық аппарат экономикалық статистикада да ойдағыдай қолданылады.
- Қорыта айтқанда, статистика — әрі ғылым, әрі қызмет саласы, әрі мамандық түрі екен.

Назарларыңызға рахмет !!!